

Әскери қызметшілерге азық-түлік нормасын ұлғайту және басқа үлес түрлерін беру туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 19 шілдедегі N 617 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 26 мамырдағы № 580 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2011.05.26 № 580 Қаулысымен.

Әскери қызметшілерді азық-түлікпен және басқа үлес түрлерімен қамтамасыз етудің қолданылып жүрген нормаларын толықтыру мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. 1993 жылғы 1 шілдеден бастап Қорғаныс министрлігінің, Ішкі істер министрлігі Ішкі әскерлерінің, Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара әскерлерінің, Республика ұланының және Қазақстан Республикасының басқа да арнаулы әскери құрамаларының мемлекет есебінен азық-түлік үлесін алатын әскери қызметшілеріне тәулігіне бір адамға шаққанда берілетін норма N 1 қосымшаға с ә й к е с ұ л ғ а й т ы л с ы н .

2. Мерзімді қызметтегі әскери қызметшілерге, әскери оқу орындарының курсанттарына, әскери жиынға шақырылған әскери міндеттілер мен студенттерге тиіс пастасы, сигарет пен сіріңке N 2 қосымшаға сәйкес берілсін.

3. 1993 жылы шығындарды қаржыландыру жалпы мақсаттағы Қарулы Күштерді, Ішкі әскерлерді, Ұлттық қауіпсіздік комитеті және Республика ұланын ұстауға арналып бюджетте көзделген қаржы есебінен және соның шегінде, ал келесі жылдары оларды ұстауға арналған смета шегінде жүргізілетін болсын.

4. Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрлігіне осы

қаулының 2-тармағында көрсетілген санаттағы әскери қызметшілерге ақшалай өтем жасаудың, сондай-ақ әскери бөлімдерді, әскери оқу орындарын әскери сауда жүйесі арқылы темекі бұйымдарымен және сіріңкемен қамтамасыз етудің тетігін әзірлеп, бекіту тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 шілдедегі

№ 617 қаулысына
№ 1 ҚОСЫМША

**Әскери қызметшілердің тәуліктік азық-түлік үлесін ұлғайту
НОРМАСЫ
(Кесте)**

Қазақстан Республикасы
Министрлер Кабинетінің
1993 жылғы 19 шілдедегі
N 617 қаулысына
N 2 Қосымша

**Әскери қызметшілердің тіс пастасын, сигарет және сіріңке беру
НОРМАСЫ
(Кесте)**

Республикалық әскери мектеп-интернаттардың тәрбиеленушілеріне тек тіс
п а с т а с ы ғ а н а б е р і л е д і .

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК